



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

тел,факс 2-15-53.

150500, Явленка ауылы, Ленин к., 12 үй
150500 село Явленка, ул. Ленина, 12

E-mail: esil.edu@sqa.gov.kz

№ 820

2022 ж. « 14 » желтоқсандағы

**Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үшін
жауапты тұлғаларды анықтау туралы**

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің 2020 жылғы 29 маусымдығы 42-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» КММ көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің іске асуына жауапты тұлғалар осы бұйрықтың № 1 қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. Көрсетілген қызмет көрсетуге бақылау және мониторинг жүргізуге «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» КММ бас маманы Р.Қ.Қараданов анықталсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Басшы

Г.Дауытбаева

Таныстырылды: _____ Р.Қ.Қараданов
_____ Г.К. Жақыпова
_____ Г.Ш. Бекенова
_____ И.Г. Грицай
_____ Ә.О.Ысқақова
_____ Ж.Е.Әлтаев
_____ Д.Д. Аманжолов

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жауапты тұлғалар

1. Руслан Қабдрашұлы Қараданов – білім бөлімінің бас маманы:
«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну»; «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну»; «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» (мектептер көрсетеді); «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» (мектептер көрсетеді);

2. Галина Кенжебайқызы Жақыпова – білім бөлімінің бас маманы:

«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру»; «Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу»; «Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру»; «Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау»; «Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау»; «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою»; «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру»; «Он жасқа толған баланың пікірі ескеру туралы қорғаншылық немесе қамқоршылық органының шешімін беру»; «Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау»; «Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау»

4. Гүлмира Шамғанқызы Бекенова –білім бөлімінің әдіскері:
«Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою», «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»; «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген

санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру».

5. Ирина Генадьевна Грицай –білім бөлімінің әдіскері «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау», «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау».

6. Әсемгүл Оразқызы Ыскакова – білім бөлімінің әдіскері «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» (мектептер көрсетеді);

7. Жәдігер Есманғазыұлы Әлтаев – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» КММ «Музыка мектебі» КМҚК директоры: «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау».

8. Дархан Дулатұлы Аманжолов – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Есіл ауданының білім бөлімі» КММ «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ менгерушісі: «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу».